

## **Ақмола облысы Жақсы ауданы Терісаққан ауылының көшелерін қайта атау туралы**

Ақмола облысы Жақсы ауданы Терісаққан ауылы әкімінің 2018 жылғы 23 шілдедегі № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 тамызда № 6758 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып, Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2018 жылғы 18 сәуірдегі қорытындысы негізінде, Терісаққан ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақмола облысы Жақсы ауданы Терісаққан ауылының көшелері қайта аталсын:  
Ленин көшесі Тәуелсіздік көшесіне;  
Советская көшесі Желтоқсан көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Терісаққан ауылының  
әкімі*

*Ә.Мажитов*